



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ – ҚЫЗДАР ТӘРБИЕСІНІҢ НЕГІЗІ

Кажденбекова Ақерке

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»

мамандығының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Жиентаева Б.Ж.

Бүгінгі таңдағы жаһандану үдерісіне байланысты дүниежүзі халықтары өздерінің ұлттық ерешеліктерін сақтап қалуға, отаншылдық сезімдерін шындай түсуге айрықша көңіл бөлуде. Соның ішінде Қазақстан секілді көп ұлт өкілдері шоғырланған ел үшін ұлттық дәстүр мен мәдениетке баулу аса маңызды мәселе ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру жүйесінің басты міндеті ғылым мен тәжірибе жетістіктерімен қатар ұлттық рух пен жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде жеке адамды қалыптастырып, дамытуға жағдай жасау қажеттілігі айтылады.

Қазақстанның әлемдегі алдыңғы қатарлы елдерінің білім кеңістігіне енуі елімізде интеллектуалды ұлт қалыптастыруда отандық білім беруді жетілдірумен қатар қыз балалардың тәрбие мазмұнын жаңартуды да талап етуде [1].

Қазіргі кезде мемлекеттің азаматын, оның ішінде қыздардың әлеуетін көтеруге үлкен мән берілгендіктен қазақ халқының қыздарды тәрбиелеуде ғасырлар бойы ұстанған өнегелі үлгілерін, тәлім-тәрбиелік сырын ашудың мәні артуда.

Халықтың әр кезеңдерден сақталып келе жатқан салт-дәстүрінің, әдебінің қыздардың тәрбиесіндегі педагогикалық негіздерін мейлінше ашып көрсету қазіргі заманда өмір сүріп жатқан жастар үшін өте қажет. Дегенмен де, қоғам өзгерген сайын тәрбиенің өзгешеленіп жаңарып отырып отырғандығында дау жоқ.

Қазақ тәрбиесінің кейбір саласы өмірден шеттеп, ұмыт болып жатқанда, тәрбиені қайта жаңғырту, сонымен қатар тәрбиенің үздік үлгілерін жете зерттеу, келешек ұрпаққа беру арқылы қазақ тәрбиесін жетілдіріп, болашақ ұрпақ өз өміріне үйлесімді пайдаланады деген сенімдемін.

Қазақ қоғамының мыңдаған жылдық дәстүрінде, мәдениетінде, әдебиеті мен тарихи шежірелерінде қыз баланың орны ерекше бағаланған. Сонау ерте заманнан бері барлық жұртта соның ішінді қазақ жұртында қыз бала тәрбиесіне мығым қарау елдің басты міндеті болған. Елдегі қыз бала тәрбиесі, елдің өзге елдер арасындағы ар-ұятыменен, мәртебесімен шамалас келген. Сол себепті де қыз бала тәрбиесін ұлттық салт-дәстүр негізінде қалыптастыру – бүгінгі күннің маңызды талабы.

Қыз баланың парасаттылығы, имандылығы, нәзіктігі, ақылдылығы мен іскерлігі жөнінде көптеген ғұламаларымыз бен ағартушыларымыздың қалдырған еңбектері аз емес.

Қазақтың белгілі ағартушы-педагогтары Ш.Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, М.Жұмабаевтар және т.б еңбектерінде келешек ұрпақ тәрбиесіне, оның ішінде қыз бала тәрбиесіне айрықша көңіл бөлінген.

Соңғы жылдарда республикамызда қыздар тәрбиесі мәселесіне бірқатар бүгінгі күнге дейін біршама ғалымдар көптеген ғылыми зерттеулер жүргізген. Олардың ішінде Ұ.Ә.Есім, М.Д.Шағырбаева, Ш.Жалғасова, А.Қасымова, И.Каракулов, Қ.Құнантаева Ж.Т.Сарыбекова, және т.б еңбектерін атап өтуге болады. Бұл ғалымдардың еңбектерінің барлығында дерлік қыз баланың тәрбиесі мәселесі халықтық педагогика негізінде қозғалған.

Бала тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптарға баланың дүниеге келген күнінен бастап жүргізілетін тәлім-тәрбиелік дәстүрлерден (шілдехана, сүйінші, балаға ат қою, бесікке салу, қырқынан шығару, тілін дамыту, тұсау кесу, атқа мінгізу, сүндет тойы, т.б) бастап, қыз баланы келешек отбасы –жанұя құруға, шаруашылыққа, өмірге, еңбекке бейімдеуге арналған азаматтық жөн-жоралғылар кіреді [2].

Қазақтың бала дүниеге келгеннен бастап бала тәрбиесіндегі салт-дәстүрдегі әрекеттеріне тоқталсақ: Бала дүниеге келгеннен кейін күн сайын шомылдырып отырады. Алдымен қалжаға сойылған қой етінің бірінші қайнатылған көбікті суына қосып, ал кейіннен сабынның көпірмесіне шомылдырады. Балбыраған баланы келесі күні тұзды суға шомылдырып, әр суға шомылғаннан кейін құрғатып, сүртіп қалампыр қосылған қойдың майымен немесе күнбағыс майымен нәрестені сылайды. «Көк жаңбырмен, бала сылаумен өседі» деген сөз осыдан қалған. Нәрестені қырық күннен кейін қырқынан шығарады. Ал, қыз баланы қалың малы көп болсын деп қырық күннен асырып шығарған.

Сәби қызды шомылдыратын қырық суына әсемдікке денесі үйренсін деп сақина-сырға, алтын-күміс теңгелер, алқа салатын болған. Қырық шашын алғаннан кейін баланың үстіне 40 қасық су құйып, «30 омыртқаң жылдам бекісін, 40 қабырғаң тез қатсын» деген тілектер айтылады. Сонан кейін сәбиді қырқынан шығарған қадірлі бәйбіше мен қасындағы келіншектер сол асыл заттарды бөлісіп алып, қыздың көргенді де, ақылды болып бойжетуіне тілеулестігін білдіріп тағып жүрген [3,196].

Тұсау кесер. Бала қаз тұрып, аяғын апыл-тапыл баса бастаған кезде яғни 8 айдан 1,5 жас аралығында «тұсау кесу рәсімі жасалады». Тұсау кесуге қойдың шегін, көк шөп, немесе жіңішке ала жіпті пайдаланады. Ала жіп ақ пен қара жіптерден жасалған, себебі, өмірдің ағы мен қарасы болады, соларды жеңе білсін және біреудің ала жібін аттамасын деген тілекпен дайындалады. Тұсау кесуші адам аяғы жеңіл, жүрісі жылдам болуын қадағалайды. Ал қыз балаға жүріс-тұрысы сыпайы, кербез, ілтипатты адамдарды таңдап тұсау кескізеді.

Қыз айттыру. Әр ата-ана өз ұлының болшақ қалыңдығын ерте ойластырады. «Анасын көріп қызын ал» деген қағиданы ұстанады. Лайықты деген адамдарына әдейі барып, балаларының болашағы туралы әңгіме қозғайды, өздерінің құда болу ниетін білдіреді. Мұны «қыз айттыру» дейді. Бұл жолдың да түрлі ереже тәртіптері бар. Егер балалар жас болса, тіпті іште жатса да ерте келісіп сөз байласады. Мұндай адамдар көбіне бір-бірін жақсы білетін, өте сыйлы, дос кісілер арасында болады.

Қыз бала қай халықта болмасын әдемілік пен әдептіліктің, сұлулық пен іңкәрліктің символы. Халық аузындағы «қыздың жиған жүгіндей», «қыздың төккен кестесіндей» деген тіркестер қыз баланың нәзіктігін шеберлігін ұқыптылығын аңғартып тұрады.

Халқымыз қыз психологиясының ерекшелігін жақсы түсіне білген. Әрбір отбасы, әкешесі, аға-жеңге бойжеткен қыз баласын ылғи да жібектей мінезімен, уыздай тәтті қылығымен, іскерлік-ұқыптылығымен, сыпайы-салмақтылығымен, әдепті-ізеттілігімен, иманды-инабаттылығымен, күміс-күлкісімен көргісі келген. Оларды кішкентайынан көздің қарашығындай сақтап, әлпештеп, аялап, мәпелеп, жаны мен арының таза, мінезінің жайсаң болуын қадағалап отырған, жасөспірім шақтағы олардың балқыған, толқыған, еліктегіш қасиеттерін ескеріп, оған «қырық үйден тыйым» салу керектігін де үнемі есте сақтаған.

Ұлы ғұлама Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп Ахметова: «Қыз баланың мына өмірдегі міндет-парызының жүгі ауыр, әрі ардақты. Ол – адамзат ұрпағын өмірге әкелетін болашақ ана, үй ұстап, жар күтетін адал жар, ата-ене сыйлап, иілетін қамқор келін. Ол осыны қаласын-қаламасын, бұл — өмір заңы» — деген [4].

Қорыта айтқанда, Ұлы даланың бүгінгі жас ұрпағы, дана қыздары елдіктің ұраншысы және инабатқа толы өмірдің қозғаушы күші болса екен дейміз. Себебі, өз халқын сүйе білген жас адамдардың бойында ұлттық намыс та, ұлттық рух та, тәрбие де, жарасымдылық та молынан табылады. Өйткені, ол жас өскін талшыбық сияқты. Оны аялап-мәпелесең, бәйтерек болып өседі. Қыздар саналы да тәрбиелі болып өссе, терең білім алса, жоғарыда айтылған өрелі міндет биігінен көрінеріміз хақ.

Ұлттық салт-дәстүрімізді, рухани қазынамызды жоғалтпай заман ағымынан қалмау - уақыт талабы. Өсіп-өркендеп келе жатқан мемлекетіміздің тірегі жастар! Ал біздің жастарымыздың баянды болашағына сеніміміз мол!

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Білім беру туралы Заңы. - Алматы, 2001

2. С.Қалиев, М.Оразаев, М.Смайылова Қазақ халқының салт-дәстүрлері – Алматы «Рауан» 1994
3. Қалиев С. Халық педагогикасының ауыз әдебиетіндегі көрінісі.

УДК 37.013.42

НРАВСТВЕННО-ПОЛОВОЕ ВОСПИТАНИЕ ПОДРОСТКОВ ВО ВНЕКЛАССНОЙ РАБОТЕ

Калимуллина Асель Дархановна
m.assel@bk.ru

Студентка 4 курса специальности «Социальная педагогика и самопознание»

Научный руководитель - Л. Н. Васильева

В современном мире вопрос о нравственно-половом воспитании подрастающего поколения становится особенно актуальным в настоящее время.

Как известно, одним из самых трудных периодов взросления у детей является подростковый возраст. Он характеризуют как переломный, переходный, критический, трудный, возраст полового созревания. В этот период ребенку нужна особое внимание и забота, как со стороны родителей, так и со стороны педагогов.

Подростковый период охватывает возраст от 10 до 15 лет. В этом трудном возрасте начинаются большие перестройки организма подростка: ускоренное физическое развитие, половое созревание. Особенность подросткового возраста в том и есть, что внешне он взрослеет, а по внутренним особенностям и возможностям остается ребенком, которому необходима ласка, внимание, игры и т.п. В подростковом возрасте пробуждается и активно формируется самосознание, обостренное чувство достоинства, осознание половой принадлежности. Начинается переоценка давно знакомого и привычного, формируется свое мнение и нередко очень прямолинейное, категоричное и бескомпромиссное [1].

В работе Л.С. Выготского, подростковый возраст представляется как совокупность условий, в высшей степени предрасполагающих к воздействию различных психотравмирующих факторов. Самыми сильнодействующими из них являются недостойное поведение родителей, конфликтные взаимоотношения между ними, наличие у них недостатков, унижительных с точки зрения подростка и окружающих, оскорбительное отношение к подростку, проявление недоверия или неуважения к нему. Все это не просто усложняет учебно-воспитательную работу, но и делает ее порой практически невозможной. У подростка на этой почве могут возникнуть различные отклонения в поведении. Именно в этом возрасте подросток сталкивается со многими проблемами и более остро реагирует на не совпадение настоящего мира и своим миром, тяжело переживает первую любовь, дружбу, стремиться завоевать определенный авторитет у сверстников, родителей, преподавателей и не только. Из-за трудности общения с родителями, преподавателями и другими взрослыми школьники столкнувшись со взрослыми проблемами пытаются решить их самостоятельно, что как правило приводит к подростковому алкоголизму, наркомании, правонарушению, проституции и ранней беременности. Развитие подростковой беспризорности это результат равнодушия и не досмотр не только родителей, но и учителей, потому что школьники обычно плохо информированы или не информированы о половом воспитании [2].

Проблемой нравственно-полового воспитания занимаются такие казахстанские ученые как М.П.Кушнир, Ж.Сакенов и др. Особенности женского образования и воспитания девочек рассматриваются в трудах Ш.А.Жалгасова, М.Козгамбаева, К.Кунантаева, К.Садвакасова, А.Е.Дайрабаева, Мамбетова, Ж.Сарыбекова, Л.С.Сырымбетова.

В Республике Казахстан разработана программа по нравственно-половому воспитанию для девочек – подростков “Профилактика ранней беременности”, состоящей из двух разделов. Первый раздел для девочек 10-12 лет. В нем представлены рекомендации по